

«Қаралды»

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:

А.Зайтхан

28 « 08 » 2023ж.

«Келісілді»

Оқу ісі меңгерушісі:

З.Көлбай

29 « 08 » 2023 ж.

«Бекітілді»

Мектеп директоры,

К.Ш.Тулбаев.

30 « 08 » 2023 ж.



«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Бектау ауылының жалпы орта білім беретін мекетемі» КММ

Перспективалық жоспары

2023-2024 оқу жылы

Сыныбы: Мектепалдыдаярлық «А»

Сынып жетекшісі: Айтбанбетова Загипа Кыдырбаевна

## Сөйлеуді дамыту

### Түсінік хат

Жаңа буынның «Сөйлеуді дамыту» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) дейінгі жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білім беру саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Бірінші бөлімде баланың эмоциялық көңіл күйін қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер қарастырылған.

Екінші бөлім негізгі бөлім ретінде оқу мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған әдістер, тәсілдер мен құралдар буынын қамтиды.

Үшінші бөлім рефлексия түрінде қорытынды шығаруға бағытталған.

Жоспардың «Ресурстар» атты айрықша тармағында дидактикалық, әдістемелік, электрондық сипаттағы әртүрлі ақпарат көздері берілген (кейбірінің электрондық мекенжайы бар). Қысқа мерзімді жоспарда әліппе-дәптердің барлық тапсырмалары ескерілген.

Егер әліппе-дәптерде бір сабақта 4–6 тапсырма орындау ұсынылса, әдістемелік нұсқауда әдістемелік тапсырмалар көлемін 15–20-ға дейін кеңейтеді. Әдістемелік нұсқаудағы тапсырмалар осы әдіс-тәсілдер есебінен барынша қызықты, мазмұнды, ойын түрінде тартымды болады. Онда әдеби сөз де, сурет салу да, сахналық рөл сомдау, ойын, драмалау, ойнау, фольклор, сергіту сәті, практикалық тапсырмалар, шағын зерттеулер және т.б. бар.

«Сөйлеуді дамыту» сабағының мақсаты: нақты, мәнерлі тілдік дағдылары мен біліктерін, тілдік бірліктерді еркін және орынды қолдануды қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- балалар іс-әрекетінің алуан түрлі нысандары мен түрлерінде балалардың ауызша сөйлеу тілі компоненттерін дамыту;
- тілді естуді дамыту, сөздік қорды байыту;
- тілдесу дағдыларын (диалогтік және монологтік) қалыптастыру;
- сөйлесу әдебінің нормаларына баулу;
- тілге, оның байлығы мен көркемдігіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

**Мектепалды даярлық тобының ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар**

**«Сөйлеуді дамыту»**

*Апталық жүктеме 2 сағат, барлығы 67 сағат*

<i>р/с</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>ҮІӘ-нің міндеттері</i>	<i>Күні</i>
1	Алғашқы күн	Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастыру арқылы ой-қиялдарын дамыту. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу	05.09
2	Алтын күз	Суретке қарап әңгіме құрауды және байланыстырып сөйлеуді үйрету, баланың сөздік қорын байыту	07.09
3	Көкөністер мен жемістер	Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту	12.09
4	Менің досым	Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу	14.09
5	Менің сүйікті ойыншығым	Ойыншықтардың суретіне қарап, әңгіме құрай білуге үйрету. Сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы ауызекі сөйлеулерін дамыту. Ойыншықтарды бөлісіп, ұжыммен ойнауға тәрбиелеу	19.09
6	Күз бояуы	Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу	21.09
7	Жомарт күз	Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу	26.09
8	Менің атам	Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу	28.09
9	Қорыққанға қос көрінеді	Ертегіні соңына дейін тыңдауға үйрету. Балалардың сөйлеу шеберлігін, сөздік қорларын дамыту. Баланы өжеттілікке, батырлыққа тәрбиелеу	03.10
10	Отбасының күзгі еңбегі	Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу. Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу	05.10
11	Күзгі жапырақтар	Балалардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуға үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу	10.10
12	«Күз көрінісі»	Күз байлықтарын бағалауға, әсемдігін сезінуге және табиғатты сүйуге т/у	12.10
13	Шаштараз	Өлеңді жаттату. Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу	17.10
14	«Күз» өлеңі М.Жылқыайдарұлы	Сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін дамыту. Табиғат беретін байлықтарды бағалауға тәрбиелеу	19.10
15	Рәміздер - ұлттық құндылық	Қазақстан Республикасы мемлекетінің рәміздері туралы түсіндіру. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу	24.10
16	«Ең тәтті дүние?» ертегісі	Әңгіме мазмұнын толық айту арқылы сөздік қорларын дамыту. Дауыссыз дыбыстарды ажырата білу дағдыларын дамыту. Хайуанаттар-ды жақсы көруге тәрбиелеу	26.10
17	Әжесін қайсысы жақсы көреді?	Балаларды әңгімені толық тыңдап, мазмұнын айтуға үйрету. Мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттату арқылы сөздік қорларын дамыту. Отбасындағы үлкен кісілерді құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу	07.11
18	Кел, жаттайық! Ә.Асылбеков «Әдептілік әліппесі»	Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу	09.11

19	«Балалардың қолынан қорек іздеген тиін» сурет бойынша әңгіме құрастыру	Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру. Тиіннің күз мезгіліндегі тіршілігі жөнінде түсініктерді тиянақтау. Мазмұнды сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Есте сақтау, аналитикалық қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарының өзгерістеріне деген байқампаздыққа, зеректікке, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу	14.11
20	«Қысқа дайындық» ертегі	Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету. Дыбыстарды түріне қарай ажырата алу дағдыларын дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу	16.11
21	Қысқы ертегі	Қыс туралы білімдерін кеңейте отырып, қыс ерекшеліктері туралы мәлімет беру, ертегі оқып беру арқылы, сұрақ жауап ұйымдастырып ауа-райының өзгеруінің түсіндіру. Балалардың қиялдау қабілеттерін дамыту. Қыс мезгілі өте қызықты мезгіл екенін түсіндіріп, достыққа тәрбиелеу	21.11
22	Алғашқы қар	Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу. Балалардың ойлау қабілетін және тілін дамыту. Туған табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу	23.11
23	«Зообак тұрғындары туралы жұмбақ жасырайық» жаттығулары	Балаларды көркем сөздің жұмбақ формасымен таныстыру. Орман тұрғындары жабайы аңдардың зообакта мекендеуінің себебін түсіндіру, әрқайсысына тән тіршілік ету ерекшеліктерін тиянақтау. Есте сақтау, құлақпен есту, көзбен қабылдау, ойлау, елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Зеректікке, тиянақтылыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу	28.11
24	Менің Отаным	Тақырыпқа байланысты әңгіме құрай білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырата білу іскерлігін дамыту. Туған өлке, Отанды сүйуге баулу	30.11
25	Қазақстан жалауы	Балаларға Қазақстан Республикасы туралы мәліметті аша отырып, «Қазақстан жалауы» атты өлеңін оқып беріп, сұрақ жауап ұйымдастыру. Елімізді қорғап, аялуға тәрбиелеу	05.12
26	Қыс	Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырма-шылықтарды ажырата білуге баулу. Мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту	07.12
27	«Қысқы аулада» суреттер тізбегі бойынша әңгіме құрастыру	Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Қорытынды жасай білуге дағдыландыру. Сөйлемді құрату арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қоршаған ортаның суреттерін көрсете отырып, дүниетанымдарын кеңейту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	12.12
28	Ажарлы қыс	«Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету. Әртүрлі ойын арқылы, балалардың қимыл-қозғалысын дамыту. Балаларды бірігіп ойнауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу	14.12
29	Сөйлем түрлері. «Қысқы ойындар» сурет бойынша әңгіме құрастыру	Балалардың қысқы ойындар туралы білімдерін жетілдіру. Балаларға ойын түрлері туралы жаңа мағлұматтар беріп, «қысқы ойындар» ұғымын кеңейту. Қыста денсаулықты сақтау қағидалары туралы баяндау. Ой-өрісін, логикасын, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу	19.12
30	«Біз де ойнаймыз» ертегі	Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету. Ой-өрісін кеңейту, есте сақтау қабілетін дамыту. Туған жердің табиғатына қамқор бола білуге т/у	21.12
31	Әңгімелеп үйренеміз Л.Толстой «Екі жолдас»	Әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Сөйлемдерді бастап айтып, аяқтауға мүмкіндік беру арқылы балаларды ойлауға, қиялдауға жетелеу, сөздік қорларын дамыту. Адалдыққа, достыққа тәрбиелеу	26.12
32	Шырша	Шырша туралы білімдерін кеңейту. «Шырша» туралы өлеңді оқып беріп, сұрақ- жауап арқылы балалардың тілін дамытып, жаттату. Жаңа жылдық сыйлықтардың керемет екенін, және аяз атадан келетін сыйлықты армандауға тәрбиелеу	28.12
33	Жаңа жыл менің сүйікті мерекем	Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін артырып, «Жаңа жыл - менің сүйікті мерекем» атты әңгімені оқып беру арқылы балалардың ойларын дамыту. Жаңа жыл мерекесін балалар сағына күтетіні белгілі, қиялдау, армандай білуге тәрбиелеу	09.01
34	«Ақсақ құлан» аңыз	Балаларды «Ақсақ құлан» аңызымен таныстыру, ертегі желісінде кездесетін аюдың, қонжықтың қыстағы тіршілігі, адамның қыста даладағы әдебі мен қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру. Тіл мәдениетін, ой-өрісін, қиялын есте сақтау қабілеттерін	11.01

		дамыту. Балалардың аңдардың қысқы тіршілігіне деген байқағыштығын т/у	
35	Әңгімелеп үйренеміз «Су торғайы»	Әңгімені оқу барысында оқиға желісі мен кейіпкерлерді белгілер арқылы сызып көрсетіп, әр белгінің нені бейнелейтінін түсіндіру. Сөйлемдерді бастап айтып, аяқтауға мүмкіндік беру арқылы балаларды ойлауға, қиялдауға жетелеу, сөздік қорларын дамыту	16.01
36	Қыс қызықтары	Балалардың есте сақтау қабілеттерін және зейінін дамыту. Аңдардың тіршілігіне деген қызығушылықтарын оятып, мейірімділікке, шапшаңдыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеу	18.01
37	Қаңтар (өлең)	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел, жаңылтпашты қайталану, сөздік қорларын дамыту. Табиғатты сүюге баулу	23.01
38	Кеме (өлең)	Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу	25.01
39	Кім ақылды? әңгіме	Сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке, топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Логикалық ойлауды дамыту	30.01
40	Мамандықтың бәрі жақсы	Мамандықтар жайлы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын толықтыру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мамандық иелерін құрметтеуге т/у	01.02
41	«Ауыл мен қала тұрғындары» сурет бойынша әңгімелеу	Суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беру қабілетін арттыру. Есту қабілетін жетілдіру, зейінді, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту. Балалардың туған жеріне, табиғатына және адамның еңбегіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Патриоттық сезімдерге тәрбиелеу	13.02
42	«Ағаштар неге ашуланды?» Б.Соқпақбаев	Балаларға «Ағаштар неге ашуланды?» ертегісін оқып беру. Сұрақ- жауапқа диалог арқылы байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді дамыту. Балаларды тез ашуланбауға, бір-бірлерін сыйлауға т/у	15.02
43	«Күн мен ай» ертегісі	Балаларға «Күн мен ай» ертегісін оқып беру. Сұрақ -жауап арқылы, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, заттарды салыстырырып әңгімелеуді дамыту. Балаларды бауырмалдыққа тәрбиелеу	20.02
44	«Түлкі мен қоян» орыс халық ертегісі	Ертегінің мазмұнын айтуға, сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. Ауызекі сөйлей білуге дағдыландыру, сұраққа толық жауап беру қабілеттерін дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке, бір біріне жақсы тілек айта білуге тәрбиелеу	22.02
45	Доп туралы тақпағын мәнерлеп жаттау	Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту. Балалардың есте сақтау, затты сөзбен сипаттау қабілеттерін жетілдіру	27.02
46	Дәрумендердің керемет күші	Балаларға дәрумендер туралы түсінік беріп, дене дамуына қосатын үлестері, адамға күш-қуат беретіндігін айту. Дәрумендер туралы видеороликті көрсетіп, баланың түсініп көру зейінін дамыту. Тазалыққа, әдептілікке тәрбиелеу	29.02
47	«Менің анам»	Тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету. Өлеңді мәнерлеп айтуға, дыбыстарды дұрыс, таза айта білуге дағдыландыру. Ойлау қабілеті мен тілдерін дамыту. Ананы сыйлап, аялай білуге тәрбиелеу	05.03
48	«Күшік пен мысық» ертегі	Көркем шығармаларды сахналауға үйрету. Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу	07.03
49	«Гүл ектік» А.Бақтыгерееваның өлеңін жаттау	Өлеңді жаттап, мәнерлеп айтуға үйрету. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру. Байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу	12.03
50	«Кемпірқосақ» жаттау Ш.Әлдибекұлы	Балаларға көркем шығарманы мұқият тыңдауды. Қойылған сұрақтарға жауап беруд. Есту, қабылдау, еске сақтау қабілетін дамыту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Көркем шығармаларға қызығушылықты тәрбиелеу	14.03
51	Наурыз – көктем	Балаларға наурыз айында келетін наурыз мерекесі туралы білімдерін кеңейту. «Наурыз туралы аңызды» оқып беріп, балалардың	19.03

	мерекесі	сұрақ- жауап арқылы тілдерін дамыту. Наурыз мерекесіне деген сүйіспеншілікке т/у	
52	«Қасқыр мен түлкі» ертегісі	Қазақ халқының ұлттық аспаптарын балаларға түсіндіру, түрлі жолдармен сөзді жасай алуды бекіту және оны белсенді сөйлеуін дамыту. сөздегі дыбыстарды анық, дұрыс айтуға, диалогпен сөйлесе білуге дағдыландыру; адамгершілікке, достық қарым-қатынасты бағалай білуге; шығармашылыққа тәрбиелеу	02.04
53	Жайлауда (өлең)	Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру. Балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу	04.04
54	Төрт түлік мал туралы тақпақтар жаттау	Балаларды төрт түлік мал туралы тақпақпен таныстыру. Малды күту, малдың құты, қасиеті туралы баяндау. Балалардың қазақ халқында қалыптасқан төрт түлік малдың атауын есте сақтап, олар туралы тақпақ жолдарын айту қабілеттерін арттыру. Есте сақтау, ойлау, қабілеттерін д/у	09.04
55	Мен ғарышкер боламын	Дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту. Еңбекқорлыққа, білімпаз болуға тәрбиелеу	11.04
56	Нұрлы күн	Жаз мезгіліндегі күн райы, жазғы күннің ерекшелігі туралы түсіндіру. Есту, көру сезімдерін, ойлау қабілеттерін дамыту. Бірігіп жұмыс істеуге, қарым-қатынасқа тәрбиелеу	16.04
57	«Гүлдер таласы» Г.Құлжабаева ертегісі	Балалардың гүлдер туралы білімдерін кеңейту, бақша гүлдерін жабайы, орман гүлдерінен ажырата білуге үйрету. Ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Табиғатқа, гүлдерге сүйіспеншілікпен тәрбиелеу	18.04
58	Тату доспыз бәріміз	Балаларда достықтың құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік бере отырып, бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу	23.04
59	1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1 – мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні екенін балаларға түсінді-ру. Сұрақ- жауап ұйымдастырып, дұрыс сөйлеуді дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа, басқа ұлттарға достықтарын арттырып тәрбиелеу	25.04
60	«Мандай тер» әңгіме	Сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау. Әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету. Үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	30.04
61	«Мәңгілік алау» Тынышбай Рахимовтың өлеңін жаттау	Жеңіс күні туралы білімдерін арттырып, Жеңістің оңайшылықпен келмегенін түсіндіру. Сұрақ-жауап ұйымдастырып, балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларды Отанын сүйуге, өз елі мен жерін қастерлейтін саналы да білімді ұрпақ тәрбиелеу	02.05
62	«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» (мысал)	«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш» әңгімесін мазмұны бойынша әңгімелеп айтуды үйрету. Әңгімені тыңдата отырып, бала қиялын дамыту. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу	14.05
63	«Түлкі мен қоян» ертегі	Ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. Баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу	16.05
64	Жаздың көзі көңілді	«Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.	21.05
65	Асфальттағы суреттер	Өлең мазмұнымен таныстырып, өлең шумақтарын жаттату. Балалардың сөйлеу тілдерін дамыту. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу	23.05
66	Жаздың кезі көңілді	Балалардың туған жеріне, табиғатына және адамның еңбегіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Патриоттық сезімдердің негіздерін салу	28.05
67	Атамның ауылында	Балалармен "ауыл" мен "қала" ұғымдарын тиянақтау. Адамның қала мен ауылдағы тіршілігі туралы білімдерін пысықтау. Есту қабілетін жетілдіру, зейінді, ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту.	30.05

## **Көркем әдебиет Түсінік хат**

Жаңа буын «Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;
2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген);
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр. ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

«Көркем әдебиет» оқу-әдістемелік кешені «Коммуникация» білім беру саласының «Көркем әдебиет» сабағына негізделіп жазылған.

Бағдарламада «Көркем әдебиет» сабағының мақсаты: тілге, көркем сөзге деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- көркем әдебиеттің ерекшеліктері туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әдебиетті тыңдау және айтып беру қажеттіліктерін қалыптастыру;
- түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды тыңдай білу қабілетін дамыту;
- әдеби шығармаға эмоциялық көңіл күйін қалыптастыру;
- әдептілік біліктері және адамгершілік сезімдерін қалыптастыру

**«Көркем әдебиет»**

*Апталық жүктеме 2 сағат, барлығы 67 сағат*

<i>р/с</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>ҮІӘ-нің міндеттері</i>	<i>Күні</i>
1	Білімнің - бұлағың (өлеңмен танысу) А.Шаяхметов	Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлеп оқу, мазмұнымен таныстыру. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсініктерін дамыту. Балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалауға тәрбиелеу	04.09
2	Қайдан келдің, бауырсақ? Ө.Тұрманжанов	Өлеңді оқып беріп, балаларға түсіндіруге барысында сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Диалогты сөйлесуге үйрету. Бауырсақтың дастарханға қандай еңбекпен келу жолдарын түсіндіру, нанды қастерлей білуге үйрету	06.09
3	Күз – жомарт (өлеңмен танысу) Е. Өтетілеуұлы	Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру. Оқу құралдары туралы түсінік беру. Оқу құралдары күтіп, таза, ұқыпты ұстауға тәр/у	11.09
4	Қайырымды қоян (ертегі)	Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу	13.09
5	Кішкентай бағбан (әңгімелеу) Мәдіхат Төрежанов	Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу	18.09
6	Орман жидектері	Орман өсімдіктері туралы білімдерін бекіту. Сөздік қорын жидектердің атауларымен толықтыру, атауларды нақтылау. Көру, есту қабілеттерін дамыту. Табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу	20.09
7	Жемістер жыры (өлең жаттау) Р.Қунақова	Балаларға өлең жаттата отырып, үлкендердің еңбегін бағалай, үлкендерді сыйлай білуге тәрбиелеу	25.09
8	Шаруа мен аю (орыс халық ертегі)	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке т/у	27.09
9	Шаруа мен аю (орыс халық ертегі)	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	02.10
10	Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) Мұзафар Әлімбаев	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжет-тік бірізділікті сақтай отырып, көңіл күймен мазмұндау шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойыншықты ұқыпты, таза ұстауға, жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу	04.10
11	«Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов	Қамқорлық жасай білуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу	09.10
12	Әкесі мен балалары Л.Толстой	Ертегі кейіпкерлерінің рөліне еніп, сөздерін айтқызу арқылы байланысты-рып сөйлеуге, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауға үйрету	11.10
13	Арыстан мен тышқан (қазақ халық ертегі)	Кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу; ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерге мінездеме бере білуге үйрету; шығармашылыққа тәрбиелеу	16.10
14	Арыстан мен тышқан (қазақ халық ертегі)	кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдана білу; ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерге мінездеме бере білуге үйрету; шығармашылыққа тәрбиелеу	18.10



15	Алтын астық (Қ.Мүсірепов)	Жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуға үйрету. Сөздік қорларын молайту. Зерек болуға тәрбиелеу	23.10
16	Алтын астық (Қ.Мүсірепов)	Балалардың әңгіме желісі арқылы есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейінін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу	06.11
17	Жұмбақтар әлеміне саяхат	Балаларға жұмбақ жасыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту, Балалардың ой-өрісін, алғырлығын, зейінін дамыту . Жұмбақты түр-түсі, көлемі, қасиеті мен қимыл-әрекетіне қарай шешу, ойлау қабілеттерін дамыту	08.11
18	Мақтақыз бен мысық (қазақ халық ертегі)	Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу	13.11
19	Әдептілік әлемі (өлең оқу) Ермек Өтетілеуұлы	Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын молайту. Өлең арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін ояту. Адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі өнеге сөздерді үйретіп, елді қорғауға баулу	15.11
20	Ақымақ қасқыр (қазақ халық ертегі)	Ертегі кейіпкерінің ерекшеліктерін, қасиеттерін ажырата білуге үйрету; таныс сюжет бойынша ертегіні саусақ театрымен көрсетуді үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; жеке шығармашылық қабілеттерін көрсете білуге тәрбиелеу	20.11
21	Кімнің тоны жылы? (әңгімелеу) Қ.Толыбаев	Қыс мезгілі туралы білімдерін жетілдіру. Оқылған шығарманың мазмұнын әңгімелеуге үйрету. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатты аялауға, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу	22.11
22	Қыс (өлеңін жаттау) А.Асылбеков	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйрету. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге тәрбиелеу	27.11
23	Тәуелсіз Қазақстан! (өлеңмен таныстыру) Оразақын Асқар	Өлеңді дауыс ырғағын келтіре отырып оқу, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын молайту. Өлең арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін ояту. Адамгершілік тәрбиесіндегі үлгі өнеге сөздерді үйретіп, елді қорғауға баулу	29.11
24	Тәуелсіздігіміз мәңгілік (әңгімелеу) Ә.Дәулеткелді	Әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу	04.12
25	Орман емшілері (әңгіме) М.Зверев	Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу, тіл байлығын, сөздік қорын байыту. Ой-қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету. Әр кейіпкердің қиялын әуен арқылы жасай білуге тәрбиелеу	06.12
26	Екі аяз (ертегі)	Халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдай білуге үйрету. Сөйлеу тілдерін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Балаларды ертегі арқылы достыққа, адалдыққа, мейірімділікке, жақсы мен жаманды айыра білуге тәрбиелеу	11.12
27	Қолғап (украин халық ертегісі)	Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу, тіл байлығын, сөздік қорын байыту. Ой-қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету. Әр кейіпкердің қиялын әуен арқылы жасай білуге тәрбиелеу	13.12

28	Қаңтар мен ақпан (ертегі) / Жаңа жыл келді (өлеңді жаттау) Сағи Жиенбаев	Ертегіні мұқият тыңдауды, ертегі мен әңгімені ажыратуды үйрету. Өз ойын толық айтуға үйрету. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу және өзара қарым-қатынасын дамыту	20.12
29	Сырғанақ	Балаларды сырғанақтағы ойындардың суреті бойынша әңгімелеуге жаттықтыру. Бауыржан Жақыптың «Сырғанақ» тақпағымен таныстырып, қимыл жаттығуларын тақпақ жолдарымен жатқа сүйемелдеуге үйрету. Қысқы ойындар жайында білімдерді кеңейту, қыс мезгілінде болатын қызықтарға көрініс беру кезеңінде байқағыштығы мен зеректігін қалыптастыру. Достыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу	25.12
30	Жақсы мен жаман (өлеңді жаттау) Рақым Тышқанбаев	Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу	27.12
31	Алтын балта (орыс халық ертегі)	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәр-у	08.01
32	Бір уыс мақта (әңгіме) Ы.Алтынсарин	Әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	10.01
33	Мысық, әтеш және түлкі (ертегі)	Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға, ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және өзара жағымды қарым-қатынасын дамыту. Жағымды әдеттерді бағалай білуге тәр-у	15.01
34	Мысық, әтеш және түлкі (ертегі)	Кейіпкердің мінез-құлқын өздігінен ажырата білуге үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; ертегіге деген қызығушылығын арттырып, ойын, қиялын дамыту; өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіре білу; ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу	17.01
35	Үш қыз (татар халық ертегісі)	Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегі-ні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балаларды ананы сыйлауға, құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу	22.01
36	Үш қыз (татар халық ертегісі)	Ертегі мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдауға, баяндауға баулу. Ертегі-ні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Балаларды ананы сыйлауға, құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу	24.01
37	«Түлкі мен қоян» ертегі	Балаларды «Түлкі мен қоян» ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтіндегі кейіпкерлердің сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. Көктемде ұшып келетін құстар туралы білімдерін кеңейту. Ертегі мазмұны арқылы балалардың зейіні мен тілін, есте сақтау қабілеті мен ойлауын дамыту. Балалардың белсенділігін арттыру, өзара достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне, құстарды аялауға тәрбиелеу	29.01
38	Шықбермес Шығайбай	Балалардың театрландырылған ойындарға жағымды көзқарасын қалыптастыру; таныс сюжет арқылы түрлі эмоция мен сезімді білдіру үшін дауыс күшін қолдануды үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік	31.01

	(қазақ халық ертегісі)	құралдарын қолдану; кейіпкердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғағын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, сахналай білуге баулу; адамгершілік ережелері тұрғысынан тәрбиелеу	
39	Шықбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі)	Балалардың театрландырылған ойындарға жағымды көзқарасын қалыптастыру; таныс сюжет арқылы түрлі эмоция мен сезімді білдіру үшін дауыс күшін қолдануды үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; кейіпкердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғағын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу, сахналай білуге баулу; адамгершілік ережелері тұрғысынан тәрбиелеу	12.02
40	Алдар көсе ханды қалай емдейді? (ертегі)	Ертегіні мұқият тыңдауды, мазмұның ашу. Өз ойын толық айтуға үйрету. Ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіріп, оны балалардың өздеріне айтқызу арқылы сөздік қорларын көбейту, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Денсаулықты сақтауға үйрету. Адамгершілікке тәрбиелеу	14.02
41	Ақылды егінші (ертегі)	Балаларды «Ақылды егінші» ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегідегі оқиғаларға зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. Жер - Ана туралы түсінік беру. Ертегі желісі арқылы балалардың ойлауы мен тілін, есте сақтау қабілеті мен шығармашылығын дамыту. Ертегіге қызығушылықтарын арттыру. Мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне, белсенді болуға тәрбиелеу	19.02
42	Әке мен бала	Балаларды «Әке мен бала» әңгімесінің мазмұнымен таныстыра отырып, әңгімедегі оқиға зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. әңгіме кейіпкерінің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру дағдысын қалыптастыру; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлілік құралдарын қолдану; сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу дағдысын, тілін дамыту; адамгершілік нормаларды қалыптастыруға тәрбиелеу	21.02
43	Домбыра туралы аңыз	Аңыз туралы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету	26.02
44	«Ай мен күн» ертегі	Балаларды «Ай мен Күн» ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі оқиғасына зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету. Ертегі желісі арқылы балалардың ойлауы мен тілін, есте сақтау қабілеті мен шығармашылығын дамыту. Көркем сөзге қызығушылықтарын арттыру. Өзара жағымды қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне, белсенді болуға тәрбиелеу	28.02
45	Көктем (өлең) Т.Айбергенов	Өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Отбасын құрметтеуге т/у	04.03
46	Әже (өлеңді жаттау) Әбубәкір Қайранов	Өлең мазмұнын эмоциялық-бейнелі қабылдау, баяндау сипатын сезінуге баулу. Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Үлкенді сыйлай білуге, отбасын құрметтеуге тәрбиелеу	06.03
47	Менің әжем (өлең) Қ.Мырза Әли	Өлеңді оқу, үйрету, сөздердің мағыналарын ашу, түсіндіру. Қазақтың салт-дәстүрлерін сақтауды үйрету. Бесік жырының маңызын ұғындыру. Балалар өз ойларын, пікірлерін еркін айтуға үйрету. Салт-дәстүрді құрметтеуге, адамгершілікке, мейірімділікке, тазалыққа тәрбиелеу	11.03
48	Өз, Наурызым, армысың (өлеңді жаттау) Оразақын Асқар	Өлеңді тірек сызба бойынша мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттату. Сюжеттік бірізділікті сақтау, эмоциялық көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, табиғат туралы түсінігін ұлттық дәстүрге деген қызығушылығын дамыту. Ұлттық дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу	13.03
49	Наурызкөже (әңгімелеу)	Әңгімені эмоциялық-бейнелі мазмұндап, баяндауға баулу. Әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету. Әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы	18.03

	С.Нұғман	түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу	
50	Көктемнің сәні (ертегі)	Балаларды «Апалы-сіңлілі үш қыз» ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіге қызығушылықтарын қалыптастыру. Ертегідегі кейіпкерлердің қасиеттері мен әрекеттеріне зейін қойып, бақылай білуге үйрету. Көктем туралы ұғымдарын кеңейту. Ертегідегі қызықты оқиғалар арқылы балалардың зейіні мен тілін, ойлау, есте сақтауын қабілетін дамыту. Достық қарым-қатынасты сақтай білуге және адамгершілік ережелеріне, ізгілікке тәрбиелеу	20.03
51	Көктем өрнегі (Е.Өтетілеуұлы)	Е.Өтетілеуұлы және оның шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту. Шығарманы оқу арқылы оны түсінуді үйрету. Оқылған шығарманы әңгімелеуге, диалогты сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Еске сақтау қабілеттерін қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу	01.04
52	Мен ғарышкер боламын (өлеңді жаттау) Жақан Смақов	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым-қатынасын дамыту. Отанымыздың адал азаматы болуға, өзін бағалай білуге тәрбиелеу	03.04
53	"Тәтті тоқаш" (әңгімелеу) А.Осеева	Балаларды байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын еркін айтуға үйрету. Оқылған әңгіменің мазмұнын меңгерту. Еңбекті бағалап, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Ата-анаға, үлкендерге сыйластыққа тәр/у	08.04
54	Тілегіміз-бейбіт күн! (жаттау) С.Оспанов	Балаларға С.Оспанов туралы мәлімет беру. Өлең мағынасын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуге өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу	10.04
55	Ақкөжектің достары (ертегі) Б.Қошымов	Балалардың сахнада рөлге ену білігін арттыру. Есте сақтауды, зейінді, ыммен жеткізу қабілетін дамыту. Театрға және қарым-қатынас мәдениетіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	15.04
56	Сықырлы тон қазақ халық ертегісі	Балаларға қазақ ертегілерімен таныстыруды жалғастыру. Өз пікірлерін ашықта, еркін жеткізе білуге үйрету. Ертегі тыңдауға деген қызығушы-лықтарын арттыру, сөздік қорларын, тілін дамыту. Алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу	17.04
57	Үш торай (орыс халық ертегісі)	Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру, кейіпкерлердің мінез-құлықтары-мен таныстыру. Жағымды, жағымсыз жақтарын ажырата білуге үйрету. Тілін, сөздік қорларын дамыту. Анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу	22.04
58	Үш мысық (әңгімелеу) В.Сутеев	Балаларды әңгімені зейін қойып тыңдауға үйретуді жалғастыру. Әңгімені мазмұндай білуге үйрету Тілдерін дамыту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын молайту. Анық, көркем сөйлеуге тәр-у	24.04
59	Жабайы аңдар, түлкі туралы ертегілер әлеміне саяхат	Балаларды ертегіде кездесетін хайуанаттардың мінез-құлқын, іс-әрекетін түсінуге, соның ішінде түлкінің жаман қылықтарын көре білуге жаттықтыру. Әңгіме мен ертегіні салыстырып, қайсысы өмірдегі шындыққы жақын екенін ажырата білуге үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Аңдарға қамқор болуға тәрбиелеу	29.04
60	Достық мерекесі (өлеңді жаттау) Серікбай Оспанов	Өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым-қатынасын дамыту. Мерекелік көңіл күйін көтеру, Отансүйгіштікке тәрбиелеу	06.05
61	Жеңіс күні (өлеңді жаттау) Қайрат Жұмағалиев	Өлеңді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату. Өлең мазмұнына деген қатынасын беруге тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқиғалары, мәдениеті туралы түсініктерін дамыту. Өз елін құрметтеуге, Отанын сүйуге, қорғауға	08.05
62	«Аққу- қаздар» ертегісі	Балаларды ертегінің мазмұнын толық өз ойларын жеткізіп айтуға үйрету. Ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Ойлау, есте сақтау қабілет-терін, сөздік қорын молайту. Адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке тәр-у	13.05
63	Бала - біздің	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін	15.05

	болашақ (өлеңмен танысу) Қасым Аманжолов	сезінуге айналасына жағымды қарым-қатынас жасай білу дағдысын дамыту. Жақсылыққа, ізгілікке тәрбиелеу	
64	Ертегілер еліне саяхат	Сұрақтарға жауап беруге, бала ертегінің басты кейіпкерлерінің мінез-құлқын, ертегінің негізгі мазмұнын, көркемдік, мәнерлік құралдарды меңгеруді үйрету	20.05
65	Ертегілер еліне саяхат	Сұрақтарға жауап беруге, бала ертегінің басты кейіпкерлерінің мінез-құлқын, ертегінің негізгі мазмұнын, көркемдік, мәнерлік құралдарды меңгеруді үйрету	22.05
66	Бала біздің болашақ (өлеңді жаттау)	Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету. Балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым-қатынасын дамыту. Отанымыздың адал азаматы болуға, өзін бағалай білуге тәрбиелеу	27.05
67	Төлдер әдісі (сахналау)	Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау қабілеттерін дамыту. Кейіпкердің мінез-құлқын өздігінен ажырата білуге үйрету; кейіпкердің ерекшеліктерін беру үшін мәнерлік құралдарын қолдану; ертегіге деген қызығушылығын арттырып, ойын, қиялын дамыту; өз әрекетін серігінің әрекетімен үйлестіре білу; ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу	29.05

## Сауат ашу негіздері Түсінік хат

«Сауат ашу негіздері» оқу-әдістемелік кешені жаңа буынның төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2016 ж. 15 мамырдағы № 292 қаулысымен бекіген). Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі және мектепалды даярлық білім берудің жаңа методологиялық негізін анықтайды;

2. 1 жастан 6(7) жастағы балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекіген);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2016 ж. 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекіген). Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

ОӘК дайындаудың негізгі мақсаты – аталған нормативтік құжаттарда көрсетілген мектепалды даярлық пен бастауыш мектеп арасындағы оқытудың бірізділігін сақтау.

«Сауат ашу негіздері» оқу-әдістемелік кешені Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Коммуникация» білім беру саласына негізделіп жазылған.

«Сауат ашу негіздері» сабағының

Мақсаты: тілдің фонетикалық және графикалық жүйесін игеру барысында балаларды оқылм мен жазылм дағдыларын меңгеруге даярлау.

Міндеттері:

Фонематикалық есту мен қабылдауды дамыту;

Сөздің дыбыстық құрылымы мен таныстыру, алдағы сауат ашу негіздеріне үйрету үшін және дыбыстық талдау әрекеттерін қалыптастыру;

Қолдың ұсақ моторикасын дамыту;

Дыбыстық талдау мен жинақтау іс-әрекетін қалыптастыру;

Тіл, сөйлем, сөз, буын, екпін, дыбыс және әріп туралы түсінікті қалыптастыру;

Балаларды талдау, салыстыру, жалпылау, ақпаратты жүйелеудің қарапайым тәсілдерімен таныстыру.

«Сауат ашу негіздері» сабағының мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған, олар күтілетін нәтижелер түрінде берілген оқу мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әрбір бөлімше ішінде жүйелілікпен құрылған оқу мақсаттары педагогке жұмысын жоспарлауға, балалардың жетістіктерін бағалауға және оларға оқудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

**«Сауат ашу негіздері»**

*Апталық жүктеме 3 сағат, барлығы 100 сағат*

<i>р/с</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>ҰІӘ-нің міндеттері</i>	<i>Күні</i>
1	Сурет бойынша әңгімелеу. Дыбыс	Сурет бойынша сұрақтарға жауап беруді және сол арқылы әңгіме құрастыруды, әр зат өзіне тән дыбыс шығаратынын үйрету	01.09
2	Күз кереметі. Дыбыс	Күз кереметі атты сурет бойынша күз мезгілінің ерекшеліктеріне әңгіме құрастырып айтуды, нүктелер мен үзік сызықтарды бастыруды үйрету	04.09
3	Ауылда.Үй жануарлары мен үй құстары. Дыбыс пен сөз	Ауыл туралы сөздік қорларын толықтыру, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу	06.09
4	Жабайы жануарлар. Сөз	Жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Жан-жануарларды қорғауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу	08.09
5	Сөйлеммен танысайық. Сөз мағынасы	Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағ-т б/у	11.09
6	Сөздер мен дыбыстар. Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?	Сөз, дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру	13.09
7	Буынға бөлейік.	Балалардың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру. Есту қабілет-терін жетілдіру. Танып білуге деген қызығушылығын арттыру	15.09
8	Дауысты, дауыссыз дыбыстар	Сөйлеу тілінің дыбыстық ерекшелігін меңгерту. Сөйлеу тілін жетілдіру. Дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіру	18.09
9	Жабайы жануарлар. Жуан дауысты дыбыстар	Жабайы жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Жан-жануарларды қорғауға, оларға қамқор болуға тәрбиелеу	20.09
10	Дауысты дыбыстар Жіңішке дауысты дыбыстар	Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру	22.09
11	Дауыссыз дыбыстар	Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру	25.09
12	Біз не үйрендік? [а] дыбысымен танысу	Балаларды [а] дыбысымен және Аа әрпімен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыпты болуға тәрбиелеу	27.09
13	[а] дыбысын қайталау, Аа әріп таңбасын жазу	«Аа» әрпін баспа түрін жазуға үйрету. Сөздік қорларын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыпты болуға тәрбиелеу	29.09
14	Біз не үйрендік? [н] дыбысымен танысу	«Нн» әрпімен таныстыру. Сөздік қорларын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыпты болуға тәрбиелеу	02.10
15	[н] дыбысын қайталау, Нн әріп таңбасын жазу Қатаң дауыссыз дыбыстар	«Нн» әрпінің таңбасын жазуға үйрету, сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасауға үйрету	04.10
16	Ұяң дауыссыз дыбыстар [ғ] дыбысымен танысу	[ғ] дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру, [ғ] дыбысына сөз табу, сөйлем құрастыру, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін, қиялын дамыту	06.10
17	[ғ] дыбысын қайталау, Ғғ әріп таңбасын жазу	[ғ] дыбысы мен әрпін таныту. Сөзге дыбыстық, буындық талдау жасату. Ғғ дыбысының әріп элементтерін, сөздерді дұрыс жазуды, еске сақтауды үйрету, тілін дамыту. Сауаттылыққа тәрбиелеу	09.10
18	Үнді дауыссыз дыбыстар [о] дыбысымен танысу	«Оо» әрпімен оқушыларды таныстыру. Сөздік қорларын дамыту. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұқыпты болуға тәрбиелеу	11.10

19	[о] дыбысын қайталау, Оо әріп таңбасын жазу	[о] дыбысымен таныстыру, айтылу ерекшелігіне қарай [о] дыбы-сының дауысты дыбыс екенін, жуан естілетінін өздеріне анықтату	13.10
20	Біз не үйрендік? [т] дыбысымен танысу	[т] дыбысымен және Тт әріптермен таныстыру. «Тт» әрпін ауа арқылы жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету	16.10
21	[т] дыбысын қайталау, Тт әріп таңбасын жазу	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін, каллиграф-к талаптарға сай ж/у	18.10
22	Дыбыстар әлемі [у] дыбысымен танысу	[у] дыбысын және Уу әрпімен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету	20.10
23	[у] дыбысын қайталау, Уу әріп таңбасын жазу	[у] дыбысына берілген сөздерді оқуға дағдыландыру. [у] дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болатынын түсіндіру	23.10
24	Ойнай отырып оқимыз [ш] дыбысымен танысу	[ш] дыбысы және Шш әрпімен таныстыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету	27.10
25	[ш] дыбысын қайталау, Шш әріп таңбасын жазу	[ш] дыбысы бар сөздерге мысалдар келтіріп, сол сөздерді қатысты-рып бірнеше сөйлем құрату арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру	06.11
26	Дыбыстық талдау [с] дыбысымен танысу	Жаңа [С] дыбыстарымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру	08.11
27	[с] дыбысын қайталау, Сс әріп таңбасын жазу	[С] дыбысын буында қайталап сөзде анық айтуға машықтандыру. Жазуға қолдарын жаттықтыру	10.11
28	Дыбыстық талдау [д] дыбысымен танысу	[д] дыбысымен және Д д әрпімен таныстыру. «Д» әрпін ауада жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. «Д» дыбысы бар сөз, сөйлем ойлатып, оны ойын жаттығулар арқылы бекіту	13.11
29	[д] дыбысын қайталау, Дд әріп таңбасын жазу	[д] дыбысымен және Д д әрпімен таныстыру. «Д» әрпін ауада жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету. «Д» дыбысы бар сөз, сөйлем ойлатып, оны ойын жаттығулар арқылы бекіту. Жазуға қолдарын жаттықтыру	15.11
30	Дыбыстық талдау [ы] дыбысымен танысу	[ы] дыбысы және Ы ы әріп таңбасын жазуды үйрету, таныстыру. [ы] дыбысына байланысты сөздерді атап, сөйлем құрастыруды үйрету. Буынға бөлуді үйрету. Артикуляция бойынша дұрыс айтуды үйрету.	17.11
31	[ы] дыбысын қайталау, Ыы әріп таңбасын жазу	[ы] дыбысы және Ы ы әріп таңбасын жазуды үйрету, таныстыру. [ы] дыбысына байланысты сөздерді атап, сөйлем құрастыруды үйрету. Буынға бөлуді үйрету. Артикуляция бойынша дұрыс айтуды үйрету.	20.11
32	Дыбыстық талдау [м] дыбысымен танысу	[м] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Қосымша материалдарды пайдалана отырып, дүниетанымдарын кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігін сезіне білуге, оны сүйе білуге тәрб-у	22.11
33	[м] дыбысын қайталау, Мм әріп таңбасын жазу	[м] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Қосымша материалдарды пайдалана отырып, дүниетанымдарын кеңейту. Жазуға қолдарын жаттықтыру	24.11
34	Дыбыстық талдау [л] дыбысымен танысу	[л] дыбысы және әрпі, әріп таңбасын жазу, әріп таңбасын жазуды, артикуляция бойынша дұрыс айтуды үйрету. Сөзге дыбыстық талдау жүргізуді, буынға бөлуді, сөзден сөйлем құрауды үйрету. Жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу	27.11
35	[л] дыбысын қайталау, Лл әріп таңбасын жазу	[л] дыбысы және әрпі, әріп таңбасын жазу, әріп таңбасын жазуды, артикуляция бойынша дұрыс айтуды үйрету. Сөзге дыбыстық талдау жүргізуді, буынға бөлуді, сөзден сөйлем құрауды үйрету	29.11
36	Дыбыстық талдау [қ] дыбысымен танысу	[қ] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету. Сөздік қорды, ойлау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту. Ұқыптылыққа тәрб-у	01.12
37	[қ] дыбысын қайталау, Ққ әріп таңбасын жазу	[қ] дыбысы және әрпімен таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету, [қ] дыбысын қатыстыра отырып сөз, сөйлем құрау, буынға бөлу, [қ] дыбысының сөздің қай жерде кездесіп тұрғанын (басында, ортасында, соңында) таба білуге дағдыландыру. Жазуға қолдарын жаттықтыру	04.12.
38	Сөздерді буынға бөлеміз [е] дыбысымен танысу	[е] дыбысы және әрпі туралы түсінік қалыптастыру. [е] дыбысы мен әрпін оқуды және жазуды меңгерту. Балаларды адамгершілікке, ізеттілікке, білім алуға тәрбиелеу	06.12



39	[e] дыбысын қайталау, Ее әріп таңбасын жазу	[e] дыбысы және Ее әрпі туралы түсінік қалыптастыру. [e] дыбысы мен әрпін оқуды және жазуды меңгерту. Ойын арқылы балалардың ойлау, еске сақтау қабілеттерін, оқуға, жазуға қызығушылықтары мен ынта-жігерлерін арттыру	08.12
40	Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу [ү] дыбысымен танысу	[ү] дыбысы және Ү ү әрпімен таныстыру. Ү әрпінің таңбасын жазуды, артикуляциясы бойынша дұрыс айтуды, сөздермен сөйлем құрауды, сөзді буынға бөлуді үйрету. Дыбыстық талдау жасату	11.12
